А.К. Муйденованың 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Дисссертациялық ізденіс жұмысының өзектілігінің негізділігі, оның ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыста шетелдік тұлғалар қатысатын азаматтық істерді сотта қараудың теориялық және тәжірибелік мәселелері қаралған. Жұмыста «шетелдік элементпен» азаматтық істерді қараудың нормативтік-құқықтық негіздері, іс жүргізудің қағидаттары, шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша ҚР соттарының құзіреті, істер бойынша талап қоюдағы, сот талқылауында қарауға дайындау мен істі қараудың ерекшеліктері, олар бойынша шығарылатын шешімдер мен оны орындауға енгізудің ерекше сипаты, шетелдік мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық процестік әрекетке қабілеттілігін айқындау және де шетелдік заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігін анықтауда туындайтын мәселелер, шетелдік соттардың (шетелдік төреліктердің) шешімдерін (төреліктерін) тану мен орындаудың өзгешелігі, сондай-ақ шетелдік ұйымдар тарапынан берілген құжаттардың дұрыстығын тексерудің тәжірибесіндегі мәселелер зерттелген. Зерттеу тақырыбының өзектілігі соңғы уақыттағы интеграцияланған нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасында шетелдік тұлғалардың қатысуымен құқықтық қатынастардың көбеюімен айқындалған. Бұл халықаралық қатынастардың жылдам дамуымен, сондай-ақ еліміздегі экономикалық бесенділіктің жоғары көрсеткіштерімен байланысты.

Диссертациялық зерттеу жұмысында, зерттеудің құрылымы бойынша, келесідей нәтижелерге қол жеткізілген, әрбір қорытындылар, тұжырымдар ғылыми тұрғыда және тәжірибелік деректермен негізделген. Сондай-ақ, зерттеуге алынған мәселелер бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасалған, халықаралық актілер, шетел заңнамасы кеңінен зерттеуге алынған.

Зерттеу жұмысының мазмұны, орындалу сапасы және қол жеткізілген нәтижелері ескеріліп, осы жұмыстың міндетті талаптарға сай екендігін растауға толықтай негіздеме бар. Докторант зерттеуде алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін, қорытындыларын толық ашып көрсете білген. Жұмыстың орындалуында қолданылған дереккөздер, іргелі ғылыми еңбектер ізденіс жұмысының мазмұнымен толықтай үйлеседі. Іргелі еңбектерге сүйене отырып, өз ойларын тұжырымдау деңгейі, қол жеткізілген нәтижелері зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыра түседі. Сондай-ақ, электрондық сауда саласындағы мәмілелерді жасау тәсілдерін қамтамасыз етуді жетілдіру бағытында салыстырмалы тәсілмен қол жеткізілген қорытындылары, нәтижелері көңілге қонымды, ғылыми тұрғыда негізделген.

Диссертанттың ғылыми ізденіс жұмысын орындау барысында қол жеткізген нәтижелері, әдістемелік негізділігі, жұмыстың ғылыми мазмұнының айқындығымен, қойылған мақсаты мен міндеттерінің бірлігімен және тұжырымдарының деректік тұрғыда дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің негізділігі мен толықтығы төмендегідей талаптарға жауап береді:

1) Тақырыпқа қатысты тұжырымдалған нәтижелер шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі пікірлер және тұжырымдарға негізделген;

2) Тақырыпқа қатысты туындаған пікірлер бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің айтқан түрлі пікірлері мен көзқарастарының себептерін анықтау арқылы негізделген;

3) Шетелдіктердің қатысуымен азаматтық істерді қарауды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы негізделген;

4) шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін істердегі талап қоюдың процессуалдық ерекшеліктерін зерделеген;

5) шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін азаматтық істердегі шығарылатын шешімдер және оны орындаудың тәжірибелік мәселелерін зерттеген;

6) ìшетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудағы заңнаманы жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірленген

А.К.Муйденованың зерттеуде қол жеткізген нәтижелері, жасаған қорытындылары мен ұсыныстары халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдар мен шетелдік басылымдарда жарық көрген. Докторлық диссертацияны орындау нысаны барлық қойылған талаптарға толықтай сай келеді. Ғылыми жаңалығы мен қорытындылары дәлелді, қорғауға ұсынатын тұжырымдары толықтай негізделген. Ізденушінің пікірлері мен ұсыныстарының қолданбалық маңызы жоғары.

Диссертациялық зерттеу жұмысының, теориялық құндылығы жоғары. Өзінің теориялық білімінің жоғары екендігі, ғылыми еңбектерге жан-жақты шолу жасағаны, нормативтік құқықтық актілерді кеңінен қолданғаны, тақырыпқа байланысты көптеген статистикалық мәліметтерді қолданғаны диссертациялық жұмыстың құндылығын арттырады. А.К.Муйденованың «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбында PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық зерттеу жұмысы 6D030100-«Құқықтану» мамандығының паспортына және барлық талаптарға сәйкес жазылған деп есептеймін.

Диссертациялық жұмысты қорғауға рұқсат етемін.

Ғылыми жетекші,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректоры, профессор, з.ғ.д. **Дусипов Е.Ш.**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы * Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный женский педагогический университет» БСН 990240005438

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверяю: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба